




Қазақ тілі 11-сынып

Мұхсинова А.М.



ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТЫ ОЯТУ

Сүйемін туған тілді – анам тілін,
Бесікте жатқанымда-ақ берген білім
Шыр етіп жерге түскен минутімнен
Құлағыма сіңірген таныс үнім.




Сол тілмен шешем мені әлдилеген,
Еркелеткен, «құлыным», «жаным» деген
Сол тілменен бірінші білгізілген:
«Ана» деген сүйгендік сөз әм менен

Қылжықтап, алып қашып құрбы бөркін
Сол тілменен ойнадым далада еркін
Сол тілменен бірінші сыртқа шығып
Өмірде ен далада ұққан көркім.

Ауызша қайталау сұрақтары





ЗЕРДЕ

САНЕСИ

НАЙЫС

НАЙЫС



НАЙЫС

**Қазақ шешендік өнерінің
дамуы туралы
зымыран сұрақтар
топтамасы**





- **Қазақ шешендік өнерінің алғашқы өкілдері кімдер?**
- **Шешендік өнердің алғашқы кезеңі басталған ғасыр?**
- **Хан ақылды болса, қараша батыл, ынтымақты болса, қара жерден су ағызып, кеме жүргізер»-дегенді айтқан кім?**
- **«Жеті жарғыны» жазған билер кімдер?**
- **«Жеті жарғыдағы» шешілген мәселелерді атаңдар**
- **Шешендік өнер дамуының екінші кезеңіндегі көбірек сөз болған мәселе.**
- **Қазақ шешендік өнерінің даму тарихының кезеңдерін атаңдар.**
- **Халықтың көкейіндегісін айтқан, көкірегіндегіні жарыққа шығарған, әділет айтушы кімдер?**
- **«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы -**
- **«Шыңғыс ханның он екі биінің бірі» деп кімді атаған, және кім атаған?**
- **«Шешен сөз» ұғымын термин ретінде алғаш қолданушы, ғылым түрінде зерттеп, зерделеуші ғалым кім?**



Мағынаны ажырату сатысы:

- Шешен адам қандай болу керек?
- «Ел басқарам десең көсем бол,
көшбасшы болам десең шешен бол!»




***Қазанның жиырма бірі
Сынып жұмысы
Шешендік сөзге
қойылатын талаптар***

Сабақтың мақсаты:

- Оқушыларға шешендік сөзге қойылатын талаптар және шешендік сөзде ескерілуі туралы қағидалар жайында түсіндіру, шаршы топ алдында сөйлеу мәдениетін қалыптастыру.

Оқулықпен жұмыс жасау



**«Үнсіз оқу
сатысы»
(40-бет)**

Мағынаны тану сатысы (Топпен жұмыс)

1. Шешендік сөзге қойылатын талаптар;
2. Шешендік сөзде ескерілуі тиіс қағидалар (ғалым А.Қыдыршаевтың еңбегі бойынша)
3. Ғалым Ахмет Байтұрсыновтың көркемсөздің сынын жіктеуі;
4. Жерден ауыр не? Балабидің төрт сұрағына жауап беріп, төмендегі сөздерді сәйкестендіріңдер.

Кестені толтырыңдар:

Білемін	Білдім	Білгім келеді

Ел алдына шығарда дайындығың жан-жақты, сөзің
тиянақты, айтар ойың салмақты болсын!
Сөзің нақыл болсын, өзің батыл бол!
Тыңдаушыны көре біл!
Көңілін өзіңе аудара біл!
Айтарың нысанаға дөп тисін десең, айдалаға сөйлемей,
тыңдаушыға қара!
Шешенді сөзіне қарап бағалар!
Сөзі ұнағанды жұрт жағалар!
Ұзақ сөйлеп елді шаршатпа!
Білгенің көп, айтарың нұсқа болсын!
Мағынасы терең сөйлемің қысқа болсын!
Сөзіңе жұрт ұйыса шешен боларсың,
еліңді өркендете білсең, көсем боларсың!



Үйге тапсырма:

- Шешендік сөзге қойылатын талаптар туралы оқу;
- 41-тапсырма, 41-бет. Берілген сызба бойынша орындау;
- 43-тапсырма, 42-бет, берілген сөздерді уыспалы мағынада қолданып, бірнеше сөз тіркесін құраңыздар. Олардың мағынасын ажыратыңыздар.